

**ҚОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТИ  
ӘЛЕУМЕТТІК-ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАРЫ ФАКУЛЬТЕТИ**  
Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы бағыттары бойынша  
академиялық комитет мәжілісінің

**№1 ХАТТАМАСЫ**

**Түркістан қаласы**

**24.10.2022 жыл**

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы - п.ғ.к., доцент А.Жумадуллаева, АҚ мүшелері - п.ғ.к., доцент М.Жаздықбаева, п.ғ.к., доцент Г.Кайбулдаева, PhD, аға оқытушы Г.Мейірбекова, аға оқытушы Э.Халилаева; жұмыс беруші өкіл, «Балдырған» балабақшсының меңгерушісі С.М.Есетова, магистрант С.А.Мирзаева, білімгер Д.Д.Жарылхасын.

**Күн тәртібі:**

1. АҚ жұмысын ұйымдастыру, Ережелерімен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу.
2. Кадр даярлау нарығына талдау жүргізу
3. Университет түлектерінің моделін әзірлеу: әдістемелік семинар, тренинг ұйымдастыру; түлектер моделін әзірлеуге қатысу
4. БББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жоспарлау жүргізу.
5. Қазан айында атқарылған іс-шаралар нәтижесін талдау.

Тыңдалды:

**АҚ төрағасы А.Жумадуллаева:** Саламатсыздар ма, АҚ мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде АҚ жұмысын ұйымдастыру. Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспарын әзірлеу. Кадрларды даярлау нарығына талдау жүргізу. Университет түлектерінің моделін әзірлеу. БББ бойынша постмониторинг процестерінің жұмыстарын жоспарлау жүргізу. Қазан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау бойынша атқарылған жұмыстарды қарастырайық. Өз ойларыңызды, пікірлеріңізді ашық айтып, ортаға салып талқылайық, сраптайық.

**Сөз кезегі АҚ мүшесі, п.ғ.к., доцент М.Джаздықбаева:** Бірінші мәселеге тоқталатын болсақ, АҚ жұмысы ұйымдастырылып «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» бағыты бойынша АҚ жұмыс және мәжіліс жоспары бекітілді, ережелерімен таныстырылды, айта кетейік «Балдырған» балабақшсының меңгерушісі С.М.Есетова мен «Ертөстік» балабақшасының меңгерушісі Кауымбаева Майя Рахимовнамен кездесіп, кадр даярлау нарығындағы мәселелерге талдау жұмыстары жүргізілді.

**АҚ мүшесі, жұмыс беруші өкілі- С.М.Есетова:**

*Екінші мәселе* бойынша өз ойымды ортаға салар болсам, еліміздің әлеуметтік экономикалық дамуының қарқынды жүруі білім берудегі құндылықты-мақсаттық бағдардың өзгеруі, когнитивтілігі білім беру үдерісіне қызығушылық танытқан түрлі субъектілердің талаптары мен қызығушылықтарына жауап беретін, бәсекеге қабілетті, құзыретті маман даярлауда жоғары кәсіби білім беру жүйесін жетілдіру қажеттігін алға шығарды. Білім беру жүйесінде өзара қатынас пен өзара әрекетті тиімді ұйымдастыруға қабілетті маманға деген қажеттілік айқындалып келеді, соған байланысты жоғары оқу орындарында «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» даярлау бағыты бойынша кадрларды даярлау үдерісі, бұл саланың қызмет дағдылары мен сапаларын меңгерге, осы сала мамандарына деген тапсырысты анықтайды, ол жоғарғы білім беру жүйесінде студенттерді сәйкес мамандықтарға даярлауда жаңашылдықты талап етеді.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасының білім беру бағдарламасы мектепке дейінгі педагогика және педагогикалық білімдерді терең меңгеруге,

ұйымдастырылған оқу қызметіне мониторинг жасау, психологиялық-педагогикалық кеңес беру, мектепке дейінгі ұйым жұмысына талдай алатын, сондай-ақ ғылыми қызмет, білім берумен байланысты баламен жұмыс істей алатын мамандарды дайындауға арналған.

Мектепке дейінгі мекемелерде тәрбиелеу, оқыту, зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын, бала тәрбиесінде отбасына педагогикалық-психологиялық қолдау көрсететін мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеу саласында ұйымдастырылатын оқу қызметтерінің мазмұны, әдістері, құралдары және нәтижелері туралы ақпараттарды өңдеу мен қолдана алатын түлектерді даярлау – қазіргі заманның талабы.

Мақсатқа бағытталған белсенді оқыту қабілеті қалыптасқан; жеке және топта ақпаратты басқаруды, цифрлық технологияларды тарату процесін немесе жолдарын түсіндіре алатын; барлық салада экономикалық, кәсіпкерлік және шешімдер қабылдау дағдыларын қолдана білетін, заманауи педагог-тәрбиеші кез-келген мектепке дейінгі мекемелерге өте қажет.

**АК мүшесі, п.ғ.к., доцент – Г.Кайбулдаева:** *Үшінші мәселе* бойынша университет түлектерінің моделін әзірлеу жұмыстарына келетін болсақ, Университетімізде түлектердің қауымдастығы жұмыс жасайды, бұл қауымдастықта қазіргі таңда көптеген жұмыстар жүргізіліп жатыр. Университетіміздің 30-жылдық мерейтойына байланысты түлектермен кездесу ұйымдастырылды. Бұның барлығы түлектер қауымдастығының ұйымдастырылуымен жасалынды. «Мамандығым-мақтанышым» атты семинарлар ұйымдастырылып, бітірген түлектер жайлы мәліметтерді, сайыттарға қою мәселесін дұрыс ұйымдастыру керек.

**АК мүшесі – аға оқытушы Э.Халилаева:** *Төртінші мәселе* бойынша, 6В01202, 7М01202 – Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы білім беру бағдарламаларының Тәуелсіз аккредиттеу агенттігінің мамандандырылған акредитациясы шеңберінде сатандарттар өлшемдеріне сәйкестігі тұрғысынан өзін-өзі бағалау бойынша постмониторинг процесінің жұмыстарын жоспарлау, жүргізу мәселесі бойынша тоқталып өтті.

Аккредиттеуден кейінгі постмониторинг - бұл аккредиттеуден өткен күннен бастап келесі тәуелсіз, сыртқы бағалауға дейінгі аккредиттеу кезеңін қамтиды. Аккредиттеуден кейінгі постмониторинг өткізудің мақсаты аккредиттеу стандарттарын орындауды қолдау болып табылады. Аккредиттеуден кейінгі мониторинг аккредиттеу өлшемдеріне сәйкес аккредиттелген білім беру ұйымының сыртқы сараптау комиссияның ұсынымдарын немесе білім беру бағдарламаларын іске асыру мониторингі мақсатында жүргізіледі.

Кафедраға қатысты БББ бойынша жіберетін аралық есеп, білім беру бағдарламасына қатысты сыртқы сараптама комиссиясының ұсынымдарын іске асыру жөніндегі қызмет туралы ақпаратты қамтиды және аккредиттеу стандарттары мен өлшемдеріне сәйкес БББ және университеттегі барлық өзгерістер, яғни оқу-тәрбие үдерісіндегі ақпаратты қамтиды.

Сондықтан аккредиттеуден кезінгі постмониторинг есебін жазу барлық сұрақтар бойынша толық мәліметтерді қамтып дәлелдеуші құжаттармен бірге дайындалуы қажет.

**АК төрағасы, А.Жумадуллаева:** *Бесінші мәселе* бойынша, Құрметті АК мүшелері, клесі оқу жылына білім беру бағдарламамызды жаңарты жұмыстары бойынша ауқымды жұмыстарды бірігіп жасайық. Бүгінгі мәжілісімізде талқылынған жұмыстар өте көп болды, пікірлерін ортаға салған АК мүшелеріне рақмет айта отырып, мәжілістің шешімін қабылдайық.

**Шешім:** «Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы» бағыты бойынша АК жұмысын ұйымдастыру. Ережелермен танысу, 2022-2023 оқу жылына жұмыс жоспары бойынша қазан айында атқарылатын іс-шаралар нәтижесі қабылдансын.

АК төрағасы:



А.Жумадуллаева

Хатшысы:



С.Мирзаева